



ЖАҢАҚОРҒАНДА АВТОМАТТЫ ГАЗ ТАРАТУ СТАНЦИЯСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жаңақорған ауданындағы автоматты газ тарату станциясының ашылу рәсімі өтті. Оған құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, облыстық мәслихат төрағасы, ардагерлер қатысты. Аймақ басшысы өңір экономикасын өркендету жолындағы жетістіктерді, жаңа нысанның аудан инфрақұрылымына қосатын үлесін атап өтті.

«Сіздермен бірге Жаңақорған автоматты газ тарату станциясын салтанатты түрде іске қосамыз. 2015 жылы жұмысын бастаған, қуаты 20 000 м³/сағат болатын станция сол уақытта Жаңақорған кенті мен 6 елді мекендегі 45 мыңға жуық тұрғынды газбен қамтамасыз етіп келді. Қазір қуаттылығы 2 есеге дейін (40 000 м³/сағатқа) дейін ұлғайтылды. Жоба құны 2 млрд. 300 млн. теңге, осы арқылы ауданның Сыр беткейіндегі Қожакент, Өзгент, Ақсуат, М.Нәлібаев, Жаңарық, Қыркенсе, Байкенже, Билібай елді мекендерінің 12 мыңға жуық тұрғыны көгілдір отынның игілігін көреді. Соның ішінде 6 млрд. теңгеге 6 ауылға газ тарту жұмыстары «ҚазақГаз» компаниясының инвестициялық бағдарламасымен жүзеге асады. Бұл арқылы ауданның газдандыру көрсеткіші 67 пайызға жетеді. Автоматтандырылған газ тарату стансасына ірі өндіріс орындары, атап айтқанда, жылына

3500 тонна өнім өндіретін құс фабрикасы, құрылысы келесі жылы бастау алатын, 1500 адамды жұмыспен қамтитын «Шалқия цинк» кен байыту фабрикасы, өзге де нысандар қосылады. Тағы 5 елді мекенді, яғни Сунақаға, Еңбек, Екпінді, Қожамберді, Такыркөлді газбен қамту жобасы әзірленіп, жұмыс жоспарланды. Бұл инфрақұрылымдық жоба халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға жаңа серпін береді», - деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан аға буын мен газдандыру жұмысын жүргізген мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Қоғам қайраткері Нажмадин Мұсабаев жаңа бастамаға бата берді. Шарадан кейін аймақ басшысы сол жерде аудан ардагерлерімен кездесіп, өңірдегі бастамаларды, инвестициялық, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру барысы туралы айтты.

АЙМАҚТА ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРА ӨТУДЕ

1 қыркүйектен бастап облыс аумағында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Учаске» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Іс-шара барысында бүгінге дейін 166 175 үй тексеріліп, нәтижесінде 56 аңшы қаруы, 6 тапанша мен 1 иір ойықты қару тәркіленген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Рауан Әлдешев мәлімдеді.

- Іс-шараға барлығы 705 адам жұмылдырылып, 2 146 саяжай, 2 151 шаруа қожалықтары тексерілді. Тексеру барысында құқық бұзушылық жасаған 1 154 кәмелетке толмағандар ұсталып, 58-і бейімдеу орталығына жатқызылса, 1 096 әр түрлі құқық бұзушылықтар бойынша хаттама толтырылды. Қоғамдық оқшаулаумен



байланысты емес жазаны өтеудің шарты мен тәртібін бұзған 92 дерек анықталды. Сондай-ақ, 1 225 адам әр түрлі құқық бұзушылықтар бойынша ішкі істер органдарына жеткізіліп, қол саусақ іздері алынды. Іс-шара барысында аймақты аралаған

полиция қызметкерлері міндетті түрде арнайы киім үлгісінде болады, қызметтік куәлігін көрсетеді және тек заңды талаптармен ғана жүреді. Егер күмән туындаса 102 нөмеріне хабарласуларыңызды сұраймыз, - деді Рауан Қырымұлы.

455 ОТБАСЫ КВОТА КЕЗЕГІНДЕ ТҰР

Елімізде 2021 жылдан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Аңсаған саби» арнаулы бағдарламасы іске қосылды. Арнаулы жоба қосалқы репродуктивті технологиялардың көмегімен отбасылық-демографиялық мәселелерді шешуге жәрдемдеседі. Биыл облыста аталған бағдарлама бойынша мұқтаж отбасыларға 310 квота бөлінген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Мая Мирзанова мәлімдеді.

- «Аңсаған саби» арнайы бағдарламасы бойынша 2015 жылдан бастап биылға дейін берілген квотаның саны 8 есеге өскен. Өткен жылы бөлінген 270 квота толық игеріліп, экстракорпоральды ұрықтандыру арқылы 92 бала өмірге келсе, қазіргі таңда 51 әйел жүкті. Ал биыл облысқа 310 квота бөлінсе, оның 285-іне жолдама беріліп, орындалу үлесі



91,9 пайызды құрап отыр. Бүгінгі күні 455 отбасы квота кезегін күтуде. Кезекте тұрған отбасылардың барлығы өңірлік комиссия арқылы қаралып, қолданыстағы бұйрықтарға сәйкес жолданады, - деді Мая Миранбайқызы.

ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТЫЛДЫ

Байқоңыр қалалық сотында кәмелетке толмаған балаларын тәрбиелеу жөніндегі міндетін орындамаған екі азаматшаға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қаралды. Сотта анықталғандай, екі жасөспірім дүкеннен ұсақ тұрмыстық заттарды жасырын ұрлаған. Сот отырысында ата-аналары балаларының жасаған әрекеті үшін өкінетіндерін, кешірім сұрайтындарын көрсетіп, қатаң жаза тағайындауды сұраған.

Сот қаулысымен екі азаматша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабы 3-бөлігі бойынша кінәлі деп танылып, әрқайсысына 55 048 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды.

Байқоңыр қалалық соты



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі» газетіне
жеке жазылушылар
үшін индекс 65007**

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар
арқылы ала аласыздар:**
**8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.**

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗІ – ТӘРБИЕНІҢ КӨЗІ

ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗ

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші - сол нәрсені естігенде я көргенде гирбәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтымен ұғу керек; үшінші - сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.



ТЕМІРЛАН ЯКИЯЕВ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Өскемен қаласында 15-19 қараша күндері мәнерлеп сырғанаудан жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Аталмыш жарысқа еліміздің 10 облысынан 100-ге жуық спортшы қатысты. Соның ішінде Қызылорда облысының намысын қорғаған сырбайлық жас спортшы Темірлан Якияев чемпионатта үздік өнер көрсетіп, I орынды жеңіп алды.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСТЫҒЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысында Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаментінің жаңа бастығы таныстырылды.

«Президент Әкімшілігінің келісімі мен Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығына сәйкес, Мырзагелдиев Мадияр Айдосұлы Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаментінің бастығы болып тағайындалды.

Департаменттің жаңа басшысына табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуда нақты шаралар қабылдауды, әлеуметтік нысандар мен адам көп шоғырланатын ғимараттардың өрт қауіпсіздігі жағдайын бақылауда ұстауды, азаматтық қорғау құрылымдарының үнемі дайындықта болуын қамтамасыз етуді тапсырамын», - деді Н.Нәлібаев.

Мадияр Айдосұлы 1987 жылы Ақмола облысында дүниеге келген. Төтенше жағдайлар министрілігінің Көкшетау техникалық институтында «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша білім алған. М.Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясында магистр академиялық дәрежесін иеленген.

Еңбек жолын 2008 жылы Астана қаласының мемлекеттік өрт бақылау басқармасында бастаған. Әр жылдары Астана қаласы төтенше жағдайлар департаментінің Сарыарқа, Алматы аудандары бойынша басқармасында бас маман, бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары, басқарма бастығы, Астана қаласы төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары лауазымдарында қызмет еткен.

2025 жылдың маусым айынан Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін уақытша атқарып келді.



КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕР НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Тұрғындардың талап-тілектерін тыңдап, олардың шешілуіне ықпал ету мақсатында шаһар басшысы Нұржан Ахатов «AMANAT» партиясының қалалық филиалында азаматтарды жеке қабылдады.

Қабылдауға келгендердің басым көпшілігі жұмыспен қамту, әлеуметтік жәрдемақы алу, атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудың тәртібі туралы сұраса, енді бірі баспанамен қамту, жол, газ, жарық, кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мәселелерін айтты.

Қала әкімі Нұржан Сәбитұлы қабылдауға келген азаматтарды тыңдап, барлық мәселе маман-

дардың жігі тексеруінен өтетінін, әрі қарай заңды негізге алып шешім қабылданатындығын жеткізді.

Ашықтық пен жариялылық жұмыс тиімділігін арттырады десек, алдағы уақытта тұрғындардың уәждері бойынша мәселелер зерделеніп, салалар бойынша тиісті шаралар жүзеге асырылатын болады.

ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының кешенді іс-шаралар жоспарына сәйкес, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп тұмау және жіті респираторлық вирустық инфекциялардың алдын алу бағытында жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Аталған тақырыпқа байланысты Қызылорда қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Бейбіт Бидаш пен «Ұлттық сараптама орталығы» Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Фарида Қалиеваның қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.

2025 жылдың 10 айында қала бойынша ЖРВИ-дің 77 612 жағдайы тіркелген, оның 48 037-сі 14 жасқа дейінгі балалар. 100 мың тұрғынға шаққандағы аурушандық көрсеткіші – 20 352,4, ал балалар арасында – 38 374,6. Былтырмен салыстырғанда көрсеткіш 10,4%-ға төмендеген. Ал, тұмаудың 53 жағдайы анықталған, оның 35-і – балалар арасында. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 29,5%-ға аз. Эпидемиялық маусым алдындағы кезеңде ЖРВИ-дің 10 450 жағдайы тіркеліп, тұмаудың 49 оқиғасы анықталды. Жаңа оқу жылының алғашқы екі айында 56 мектепте 1822 оқуға тіркелді, бұл көрсеткіш эпидемиологиялық шектен аспайды.

Қалада тұмау мен ЖРВИ-дің алдын алу және таралуын болдырмау мақсатында

денсаулық сақтау, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және білім беру басқармаларының бірлескен бұйрығымен кешенді іс-шаралар жоспары бекітілген. Барлық емдеу ұйымдарында медицина қызметкерлеріне арналған семинарлар ұйымдастырылып, аурудың алғашқы белгілері мен алдын алу тәсілдері түсіндірілді.

Тұмаудан қорғанудың ең тиімді жолы – вакцинация. ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2025 жылғы 22 тамыздағы №6 қаулысына сәйкес, 23 қыркүйектен бастап қауіпті топтар арасынан 36 910 адам тұмауға қарсы «Гриппол плюс» вакцинасымен қамтылды. Сонымен қатар, жұмыс берушілер есебінен 1 520 қызметкер егілді.

Қызылорда қаласындағы вирусологиялық зертхана



эпидемиялық маусымға толық дайын.

Материалдық-техникалық база жаңартылып, реактивтер мен жабдықтар қоры толықтырылды. Зертханада 3 заманауи ПТР құрылғысы орнатылған. 2025 жылдың 26 қыркүйегінен бастап сынамалар қабылданып, облыс бойынша 3 418 зерттеу жүргізілді. Оның ішінде тұмау А типі – 86, ЖРВИ – 8, COVID-19 – 2 жағдай расталды. Сапаны сыртқы бағалау мақсатында Ұлттық референс зертханаға жіберілген

сынамалар толық расталды. Зертхана мамандарының айтуынша, мониторинг және профилактикалық шаралар тұрақты жүргізіліп, биологиялық қауіпсіздік талаптары күшейтілген.

Мамандар тұрғындарға тұмау белгілері байқалған жағдайда өздігінен ем қабылдамай, дәрігерге жүгіну қажеттігін ескертті. Себебі уақытылы емделмеу асқынударға, тыныс алу, жүрек-қантамыр және жүйке жүйесі ауруларына әкелуі мүмкін.

ЖОЛДЫ ЖӨНДЕУ – МАҢЫЗДЫ БАСТАМА



Жол инфрақұрылымын дамыту – аймақ басшысының ерекше назарында тұрған бағыттардың бірі. Себебі, сапалы жолдар – тұрғындардың күнделікті қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, шаһардың әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне тікелей ықпал етеді. Ал, жол төсемінің жақсаруы қоғамдық көліктің кедергісіз қатынауына, жедел жәрдем мен өрт сөндіру қызметтерінің уақытылы жетуіне, сондай-ақ бизнес нысандарының жұмыс тиімділігін арттыруына мол мүмкіндік береді.

Биылғы жылы негізгі және қосалқы көшелерді кезек-кезеңімен жаңарту жоспарланған. Маңызды жобалар тұрғындардың ұсыныстары мен қажеттіліктері ескеріле отырып жүзеге асуда. Әсіресе, шет аймақтар мен көпқабатты тұрғын үйлер аяласындағы жолдардың жақсаруы халықтың өмір сүру сапасын арттырып, қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам саналады.

Шаһар басшысы Нұржан Ахатов қаладағы жолдарды жөндеу және күтіп-ұстау бағытындағы қарқынды жұмыстардың сапасын бақылау

мақсатында бірқатар нысандарды аралады. Аталған нысандардың бірі – шет аймақта орналасқан Нұрмағамбетов көшесі. КБИ мөлтек ауданындағы бұл көшемен қоғамдық көліктердің де қозғалысы жиі, сондықтан жөндеу жұмыстарының маңызы жоғары. Мұнда көшенің беткі қабаты жабындысы төселіп жатыр.

«Тұрғындардың өмір сүру сапасы жоғары болуы тиіс» деген қала әкімі «Мерей» мөлтек ауданындағы аулаішілік жолдарды да қарап, ондағы ағымдағы жөндеу жұмыстарымен танысты. 3-ші ірілендірілген кварталда



болып, ширақ шаруаның жайын көрді.

Нысандарды аралау барысында Нұржан Сәбитұлы мердігер мекеме басшысына жұмыстарды сапалы атқарып, оны уақытылы аяқтауды тапсырды.

Сонымен қатар, жауапты сала жетекшілеріне қала ішіндегі әрбір жолды жіті зерделеп, анықталған кемшіліктерді жөндеу жоспарына енгізуді жүктеді.

«Ел тілегі» ақпарат



ЖАСТАР. ТӘРТІП. ҚҰНДЫЛЫҚ.

Қала жастарымен өткен «Жастар. Тәртіп. Құндылық» тақырыбындағы кездесу қоғамдағы тәртіп пен жауапкершілік, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталды.

Шараға қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абызов, қала прокурорының орынбасары Сая Темірбекова және жастар арасында кеңінен танылған «105» телехикаясының актерлары Аслан Бектенов пен Шоқан Чупанбаев қатысты. Кездесуде заң мен тәртіпті сақтау, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, әділет пен адамгершілік құндылықтарын дәріптеу мәселелері талқыланды. Жастар қоңақтармен еркін пікір алмасып, сұрақ-жауап форматында ой бөлісті.

«ҚАЛА КЕЛБЕТІ: ҚЫЗЫЛОРДА» АТТЫ ЖЕКЕ КӨРМЕ ӨТТІ

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы – С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясының ұйымдастыруымен Сыр өңірінің бас қаласы Қызылорданың Қазақ АКСР-інің астанасы болып жарияланғанына 100 жыл толуына орай ерекше көрме өтті.

Атаулы дата аясында суретші Ерлен Дарханның «Қала келбеті: Қызылорда» атты жеке көрмесі көрермен назарына ұсынылды. Онда суретшінің қолымен жасалған қала ғимараттарының көркем макеттері қойылып, Қызылорданың сәулеттік және мәдени бейнесі паш етілді. Көрменің ашылу рәсімін Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі директорының орынбасары Жанат Ахметова

жүргізіп, қала тарихын ұлықтаудың маңыздылығын атап өтті. Іс-шараға мәдениет және білім саласының қызметкерлері, өнер иелері, студенттер мен автордың туыстары қатысты.

Көрменің басты мақсаты – Қызылорда қаласының тарихи келбетін сақтау, мәдени және сәулеттік мұрасын ұрпақ санасында жаңғырту, сондай-ақ туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру болып табылады.



ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕГІ ЖАҢА ОРТАЛЫҚ



Халыққа қызмет көрсету орталықтарының құрылғанына 20 жыл толу мерейтойына орай Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі ХҚКО ашылды. Бүгін шаһар басшысы Нұржан Ахатов және жұмыс сапарымен арнайы келген «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік

корпорациясы басқарма төрағасының орынбасары Кенжеболат Арыстанғали жаңа орталықтың қызметімен танысты.

Нұржан Сәбитұлы мен Кенжеболат Арыстанғали орталықтың ұлттық сипатымен және сапалы сервистік мәдениетімен

ерекшеленгенін атап өтті. Бұл орталық заманауи қызмет көрсетудің үлгісі ретінде жайлылық, цифрлық шешімдер мен азаматтарға қолайлылық ұсынуымен басымдыққа ие.

Бұған дейін ашылған ХҚКО шаһар тұрғындарын Ақмешіт №2 Б мекен-жайында қабылдап келсе, енді Ұ.Қараманов №96-дағы жаңғыртылған ғимаратқа көшіп отыр. Бұл кенсе Мерей, Ақмешіт, Титов және Шанхай шағын аудандарының халқы үшін өте тиімді. Ең бастысы – мұнда азаматтар жеке куәлік алудан бастап, жер мәселелеріне қатысты құжаттарды рәсімдеуге дейінгі мемлекеттік қызметтердің толық спектрін ала алады. Жалпы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы 1500-ден астам қызмет көрсетеді, олардың 90 пайыздан астамы онлайн форматта қолжетімді.

«Ел тілегі» ақпарат

■ Аудан жаңалықтары

БЕСАРЫҚ, ҚОҒАЛЫКӨЛ ЖӘНЕ ШІРКЕЙЛІ АУЫЛДАРЫНДА ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУЛЕР ӨТТІ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» №826 жарлығына сәйкес аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың ІІ жартыжылдықтағы есепті кездесулері Бесарық, Қоғалыкөл, Шіркейлі ауылдарында өтті.

Кездесулерге «AMANAT» партиясы аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Ақтөре Ибрагимұлы, аудандық мәслихат депутаттары, дербес бөлім мен коммуналдық сала басшылары қатысты. Жиын барысында аудан әкімі аймақ бойынша жаңалықтармен бөлісіп, аудан бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– 2022 жылдан бастап Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен, Үкіметтің және аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың қолдауымен аймағымызда халыққа қажетті 200-ге жуық әлеуметтік нысандар салынып, тұрғындарымыздың игілігіне берілді. 1 600 шақырым автомобиль жолдары мен 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 144 млрд. 775 млн. теңге бөлінді. Биыл бөлімиста жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті. Қызылорда

қаласында 270 көше қайта жаңғыртылды. Қызылорда-Жезқазған жолының бізге тиесілі 191 шақырымы бүгінде толық асфальттанды, енді жол белгілері мен инфрақұрылымы реттелу үстінде. Келер жылы толығымен пайдалануға берілімек. Биыл барлық елді мекендер 100 пайыз орталықтандырылған сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. 2021 жылдың соңында газдандыру деңгейі 67 пайызды құраса, бүгінде бұл көрсеткіш өңірде 83 пайызға жетті. Биыл газдандыру жобаларына 6 млрд. 100 млн. теңге қаржы бөлінген. 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан аса пәтер табысталды. Биыл 3 600 пәтерлі тұрғын үй салуға бюджеттен 58 млрд. 785 млн. теңге бөлінді. Айтулы инвестжоба санатында «Акса Энерджи» түрік инвесторымен 215 млрд. теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жана жылу электр орталығы салынды.

Қызылорданы ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесі оң шешімін тапты. Жыл соңына дейін облыс орталығындағы көпқабатты үйлер ыстық сумен қамтамасыз етіледі, – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Биыл Бесарық ауылында кіреберіс 2 шақырым жол түнгі жарықпен қамтылса, Қоғалыкөл ауылында Ә.Тілеулиев, М.Шоқай, С.Майқанова, Ы.Алтынсарин көшелері күрделі жөндеуден өтті. Сондай-ақ, Шіркейлі елді мекенінде Ж.Нұрсейітов, Б.Жақыпов көшелері күрделі жөнделіп, шағын футбол алаңы пайдалануға берілді. Аудан басшысы аталған елді мекен тұрғындарының ұсыныс-пікірлерін тындап, тұрғындарға жеке мәселелері бойынша қабылдау жүргізді. Тиісті сала басшыларына тапсырмалар берді.

Сырдария ауданы әкімінің баспасөз қызметі



ҚАЗАЛЫДА КӨГЕРШІНДЕР КӨРМЕСІ

Қазалы ауданының орталығы - Әйтеке би кентінде құсбегілердің ұйымдастыруымен «Көгершіндер көрмесі» өтті. Көрмеде еліміздің әр түкпірінен келген кептершілер өздерінің құстарын жұртшылықтың назарына ұсынып және сирек кездесетін құстардың тұқымдарын селекцияландыру жайы да қаралып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Көрме барысында көрсетілген ерекше құстарға қатысты тың мәліметтер көрермендердің қызығушылығын оятып, жастардың табиғатқа жанашырлықпен қарауына ықпал етті.

Жалантөс баһадүр атындағы стадионда өткен ерекше шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов арнайы барып, құс баптаушы жастармен ардагер құсбегілермен кездесті. Аудан әкімі көгершіндер көрмесінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуына атсалысып, ауданымыздың рухани-мәдени өміріне серпін беретін игі бастамаларының әрі қарайда жалғасын таба беруіне тілектестігін білдірді.

«Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының азаматтарды, заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
	Бүлембаев Қанат Шамшагович	Бөлім басшысы	Бейсенбі күні сағат 15:00 ден18-00 ге дейін.	Желтоқсан көшесі, №11	8(7243131-3-39)

Сенім телефоны: 8(72431)31-3-39

Жаңаталап ауылдық округі әкімінің жеке және заңды тұлғаларды оның ішінде осы органның қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін басшының Т.А.Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен-жайы	Байланыс телефоны
«Жаңаталап ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Абдикалықов Қуаныш Боранбекович	Жаңаталап ауылдық округі әкімі	Әр аптаның Сәрсенбі –жұма күндері 15-00 ден 18 ⁰⁰ –ге дейін	Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылдық округі, П.Қаракұлұлы көшесі №56бүй	(872431) 41-1-12

2025 жылғы IV тоқсанға Мырзабай ахун ауылдық округі әкімі аппаратында ауыл әкімінің азаматтарды және заңды тұлға өкілдерін , оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адам (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Тауыпбаев Галым Камидинович	Мырзабай ахун ауылдық округі әкімі	Жұма сағат 9-дан 12-ге дейін (апта сайын)	Мырзабай ахун ауылы, Мәдениет көшесі №34	41-5-77

«БЕКІТЕМІН»
Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы
Н. Асанова
« _____ » _____ 2025 жыл

Жанақорған ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі басшысының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

р/с	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1.	Нұртазаев Марлен Бақытұлы	«Жанақорған ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні Сағ. 15.00-17.00	Жанақорған кенті, М.Көкенов көшесі № 44	22-4-97

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әдеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жанақорған кенті, М.Көкенов көшесі №44 ғимараттаорналасқан Жанақорған ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіпбөлімінде 22-4-97сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

Шиелі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің 2025 жылғы «31» наурыздағы № «113» бұйрығына қосымша 2025 жылғы ІІІ тоқсанына Шиелі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бөлім басшысының және бөлім басшысы орынбасарының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау жүргізу кестесі

р/с	Тегі, аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Қабылдау мерзімі	Мекеменің орналасқан жері, байланыс телефоны
1	Төлегенов Ағыбай Рүстемұлы	Бөлім басшысы	09:00-13:00 15:00-19:00	Күнделікті	Шиелі кенті, М.Шоқай № 53 №2 бөлме. 4-44-36 Сенім телефоны: 4-22-56
2	Баймағанбетов Дәулет Әлмағанбетұлы	Бөлім басшысының орынбасары	09:00-13:00 15:00-19:00	Күнделікті	Шиелі кенті, М.Шоқай № 53 №2 бөлме. 4-44-36 Сенім телефоны: 4-22-56

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 17 қарашадағы № 3143 қаулысы

«Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 30 маусымдағы №2214 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 37-бабына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 14 қарашадағы № 04-03/1931 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 30 маусымдағы № 2214 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен қастырылған қажетті шараларды қолданысын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі Н. Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда № 3143 от 17 ноября 2025 года

О признании утраченным силу постановления акимата города Кызылорда №2214 от 30 июня 2025 года «О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд»

В соответствии со статьей 37 Закона «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Управление строительства, архитектуры и градостроительства Кызылординской области» № 04-03/1931 от 14 ноября 2025 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Признать утраченным силу постановление акимата города Кызылорда № 2214 от

30 июня 2025 года «О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд».

2. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда принять необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

3. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда Н. Ахатов

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 26-39-64 сенім телефоны жұмыс жасайды.

ЕМХАНАҒА ЖҮГІНГЕНДЕ НЕНІ ЕСКЕРГЕН ЖӨН?



«Мен емханаға бармаймын және МӘМС-ті пайдаланбаймын», «Учаскемді де, дәрігерімді де білмеймін, олар мені іздемейді де». Өкінішке орай кейбір азаматтардан осындай пікірлерді естіп жатамыз. Енді біреулер тегін медициналық көмекті алу қиын, оған көп уақыт пен күш кетеді деп есептейді. Осыған орай, емханаға не үшін бару керек және МӘМС жүйесінің мүмкіндіктерін қалай пайдалануға болатынын зерттеп көрдік.

Емханада тіркелген азаматтарға алғашқы медициналық-санитарлық көмек (МСАК) көрсетіледі. Бұл – медициналық көмектің базалық деңгейі. МСАК тіркелген тұрғындарды есепке алады, профилактикалық тексерулер өткізіп, флюорографияға түсіреді. Ауруларды ерте сағысында анықтауға, созылмалы науқастардың жағдайын бақылауға, асқынулар мен шұғыл госпитализацияны болдырмауға, жалпы халық денсаулығын тұрақты бақылауда ұстауға көмектеседі.

Сайып келгенде, МСАК – сіздің учаскелік дәрігеріңіз және сіз тіркелген емханаңыз. Кез келген алғашқы шағымдар пайда болған кезде профилактикалық мақсатта немесе бақылау үшін сол жерге жүгінесіз. Сондықтан өзіңіздің қай емханаға тіркелгеніңізді және дәрігеріңіздің кім екенін білу маңызды.

Учаскелік дәрігерге бару үшін МӘМС жүйесінде сақтандырылу шарт па?

Жоқ. Пациенттер учаскелік терапевтке немесе жалпы тәжірибе дәрігеріне «сақтандырылған» мәртебесінің бар-жоғына қарамастан бара алады. Бірақ кейін МӘМС пакеті аясында бейінді

мамандардың кеңесі немесе медициналық қызметтер қажет болса, «сақтандырылған» мәртебесін алу керек.

Бейінді мамандарға жазылу үшін неге учаскелік дәрігерге бару керек?

Бейінді мамандарға жазылу терапевт арқылы жүргізіледі. Себебі ол бастапқы тексеру жүргізіп, алдын ала диагноз қояды және әрі қарайғы тексерудің қажеттілігін анықтайды. Пациентті қай маманға жолдау керектігін шешіп, қажетті талдаулар мен зерттеулерге жолдама береді. Мұндай тәсіл өздігінен емделудің алдын алып, негізсіз жүгінуді азайтады және пациенттердің ағынын оңтайландырады. Осылайша, бейінді мамандар өз көмегіне шын мұқтаж жандарға көбірек уақыт бөле алады.

Анализдер мен диагностикаға жолдаманы қалай алады?

Кез келген кеңес беру және диагностикалық қызметті емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол пациенттің жағдайын, шағымдарын және белгілерін қарайды. Егер тиісті көрсеткіштер болса, дәрігер зертханалық және өзге де зерттеулерге жолдама береді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызмет алу үшін пациенттің «сақтандырылған» мәртебесі болуы шарт.

Медициналық қызметкерлер профилактика, диагностика, емдеу және оңалтудың ең тиімді




әдістерін таңдау кезінде клиникалық хаттамаларды басшылыққа алады. Талдаулар мен диагностикалық

зерттеулерге жолдаманы тіркелген жеріңіздегі дәрігерден алуға болады. Әдетте бұл – терапевт, ол көрсеткіштер бойынша немесе профилактикалық тексеру аясында зерттеу тағайындайды.

Жеке клиникада МӘМС есебінен операция жасауға болатыны айтылды. Оған жолдаманы қалай аламын?

Ауруханаға жатқызу көрсеткіштері пациенттің жағдайына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ әдетте жедел ауырсынулар, созылмалы аурулардың асқынуы, жарақаттар немесе стационарлық



бақылауды қажет ететін өзге жағдайлар жатады (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР ДСМ-27 бұйрығы «ҚР стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандарты туралы»).

Ауруханаға жату үшін не істеу керек?

•Тіркелген емханадағы дәрігерге жүгіну. Егер көрсеткіштер болса, маман тексеру жүргізіп, диагноз қою үшін қажетті зерттеулерді толық көлемде тағайындайды;

•Емхана жағдайында қажетті минималды тексеруден өту;

•Ауруханаға жатуға жолдама алу. Медициналық ұйымды өз дәрігеріңізбен бірге таңдай аласыз;

• Ауруханаға жату талонын алу. Ол арқылы «Емдеуге жатқызу бюросы» сайтында (<https://bg.eisz.kz/>) өз кезегіңізді бақылауға болады.

Жоғары технологиялық медициналық көмек

көрсету (ЖТМК) үшін тіркелген медициналық ұйым профильдік маманның қорытындысына сүйене отырып, пациенттің құжаттарын ЖТМК жөніндегі комиссияға жолдайды.

Пациент тіркелген медициналық ұйым оған тиісті бейін бойынша осы қызметтерді көрсететін өзге ұйымды таңдау мүмкіндігі бар екенін хабарлауы тиіс.

ЖТМК жөніндегі комиссия жергілікті денсаулық сақтау басқармасының басшысы бұйрығымен жасалады және пациентті тиісті медициналық ұйымға жолдау мәселесін шешеді. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі (ТМККК) тізбесіне кірмейтін мамандандырылған медициналық көмек МӘМС жүйесінде немесе ақылы негізде көрсетіледі. Мамандандырылған көмектің көлемі, соның ішінде зертханалық және диагностикалық зерттеу әдістері, клиникалық хаттамаларға сәйкес айқындалады (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына сәйкес).

Егер маған жолдама беруден бас тартса не істеу керек?

Егер пациенттің қандай да бір медициналық қызметке көрсеткіштері бола тұра дәрігер жолдама немесе көмек беруден бас тартса емханалар мен ауруханаларда құрылған Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіне алады. Бұл қызмет «осында және қазір» қағидаты бойынша мәселелерді шешуге арналған.

МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесін тексеру жолдары:

1.Қор сайты <https://msqory.kz/>;

2.Telegram арнасында <https://t.me/SaqtandyryBot>

сілтемесі арқылы;

3.Kaspi Bank, Halyk Bank, Банк ЦентрКредит (BCC.KZ), Freedom Bank, Bereke Bank, HomeCredit Bank, Еуразиялық Банк және Damumed мобильді қосымшалары арқылы.

МӘМС жарналары мен аударымдарын төлеу, көрсетілетін медициналық көмектің сапасына қатысты сұрақтар бойынша хабарласу арналары:

1.Қор сайты <https://msqory.kz/>;

2.Telegram арнасында <https://t.me/SaqtandyryBot>

сілтемесі арқылы.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының

баспасөз қызметі

Ресми сайт – <https://msqory.kz/ru/>

Youtube-канал – https://www.youtube.com/@msqory_kz

Telegram-канал – <https://t.me/medsaqtandyry>

Facebook – <https://www.facebook.com/msqory/>

Instagram – https://www.instagram.com/msqory_kz/

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЫМЫРАСЫЗ КҮРЕС

Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!



Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық ғана емес, ол – мемлекет беделіне деген халықтың сеніміне селкеу түсіретін және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретін жағымсыз әлеуметтік құбылыс. Жемқорлық жойылмай, ешбір ел табысты дами алмайды. Сол себепті әлемнің барлық мемлекеттері бұл қоғамдық індетке қатты алаңдаушылық білдіріп отыр.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер етіп, әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін баяулатады, сайып келгенде, елдің даму болашағына үлкен қауіп төндіреді. «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» демекші, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен пәрменді күресу жолында, сөз жоқ, тұрғындар арасында ақпараттық-құқықтық түсіндіру, жалпы құқықтық сауаттылықты арттыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу маңызды рөл атқарады.

Әрбір азамат өзінің құқықтарын менгеріп қана қоймай, өзіне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда нақты не істеу керектігін толық білуі қажет.

Бұл орайда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуде

ағартушылық, білім беру, тәрбие жұмыстарымен бірге, жаңа орта қалыптастыру да өз үлесін қоса алады.

Сондықтан азаматтардың құқықтық сауатын көтеру үшін заң баптарын түсіндіру мақсатында жұмыс ретін көрсету бойынша үнемі жиын, басқосулар өткізіп, бұқаралық ақпарат құралдарында танымдық материалдарды үздіксіз жариялап тұру назардан тыс қалып көрген емес.

Соның ішінде, мемлекеттік қызметшілер арасында мемлекеттік қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы мен Әдеп кодексі талаптарын бұзудың алдын алу бойынша құқықтық оқыту, түсіндірме жұмыстары үнемі өткізіліп тұрады.

**М.ҚАРАТАЕВ,
Қалжан ахун ауылдық округі әкімі**

ФОТОКӨРМЕ САЙЫСЫ ӨТТІ

Шығармашыл жастарды қолдау мақсатында өткен шара қала тұрғындары мен жастарға ерекше атмосфера сыйлады. Көрмеде қатысушылар шаһарымыздың көркем келбетін, күзгі сұлулығын және шығармашылық көзқарасын ұсынды.

Шараға қала әкімінің орынбасары Ділімұхамед Абызов қатысып, фотографтардың еңбектерін тамашалады. Көрмеге барлығы 15 фотограф қатысып, өз туындыларын көрермен назарына ұсынды. Нәтижесінде: 1 орын – Берікбол Әбутәліпке, 2 орын –Наталья Головановаға, 3 орын – Рустем Алиге бұйырды.

Сондай-ақ, «Көрермен көзайымы» номинациясымен Берікбол Әбутәліп пен Нұрайым Қабден марапатталды. Жеңімпаздар мен қатысушыларға арнайы марапаттар мен демеушілер есебінен қаржылай сыйлықтар табысталды.



ҚЫЗЫЛОРДАДА МАЛ ҰРЛЫҒЫ ДЕРЕГІ АШЫЛДЫ

Қызылорда облысы аумағында «Мал ұрысы» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Мақсат – халық арасында мал ұрлықтарының алдын алуға бағытталған профилактикалық жұмыстар жүргізу, сондай-ақ бұрын және өткен жылдары орын алған мал ұрлықтарын ашу.

Полиция қызметкерлері жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, облыс көлемінде мал тасымалдаушы автокөліктерді, одан бөлек мал және ет сағу орындарының заң талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізуде. Іс - шараның бір күнінде бұрын орын алған мал

ұрлықтарының 3 дерегі, оның ішінде өткен жылдары санатындағы мал ұрығының 1 дерегі ашылды.

Сонымен қатар ауыл шаруашылық жануарларын заңсыз тасымалдаудың 2 дерегі, үй жануарларын белгіленбеген орындарда жаюдың 9 дерегі анықталып, әкімшілік хаттамалары ресімделді. Мысалы Қазалы ауданының полиция бөліміне аудан тұрғыны хабарласып, жайылымдық жерден сиырының жоғалғандығы туралы арызданған. Полицейлер жүргізген жедел шара барысында күдікті ұсталып, қазіргі таңда тергеу әрекеттері жүргізілуде.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақысбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов**

**Жауапты хатшы
Зибаһ ӘЛИ
8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – г, 19.10.2007 ж

**Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62

Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №251
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)**